

**«Нурджигит»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Нурджигит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын, бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды қарауды, күтуді, тәрбиелеуді, оқытуды қамтамасыз ететін заңды тұлға - мектепке дейінгі білім беру ұйымы болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамалары негізінде шағын кәсіпкерлік субъектісі болып танылады.

1.2. «Нурджигит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылғы Конституциясын, Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 22 сәуір 1998 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңын, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережесін, сондай-ақ өзге де нормативтік - құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Серіктестіктің толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Нурджигит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Нурджигит»

Серіктестіктің қысқаша атауы:

Мемлекеттік тілде - «Нурджигит» ЖШС

Орыс тілінде - ТОО «Нурджигит»

1.3. Серіктестіктің заңдық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, М. Ихсанов көшесі, 48 үй, индексі 090000.

1.4. Қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. Құрылтайшылар құрамы

Серіктестіктің құрылтайшысы (бұдан әрі – Қатысушысы) болады:

Қазақстан Республикасының азаматы – **Кулахметова Орик Ахметовна**, 17.02.1972 жылы туған, туған жері: Батыс-Қазақстан облысы, ЖСН 720217400690, тіркелген жері: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, ст Тамарикс 54 88 үй

3. Серіктестіктің заңды мәртебесі

3.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

3.2. Серіктестіктің өз дөңгелек мөрі, дербес балансы, банкілерде шоттары, өз атауымен бланкілері бар.

3.3. Қызметінің мақсатына жету үшін Серіктестік өзінің атынан мәмілелер жасасуға, оның ішінде кредиттік шарттар, қаржылық лизинг және банктардың қатысуымен басқа да шарттар жасауға, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды иелікке алуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдарды және өкілдіктерді құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

3.5. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша қарауындағы барлық мүлкімен жауап береді. Серіктестік қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3.6. Серіктестіктің қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындарға өзінің салған салымдарының құны мөлшерінде тәуекел етеді.

3.7. Серіктестік қолданылатын заңдарға сәйкес түрде облигацияларды шығаруға құқылы.

4. Серіктестіктің мақсаты, міндеттері мен қызмет нысанасы

4.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты болып табыс табу саналады.

4.2. Серіктестік қызметінің міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;
- мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;
- мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;
- балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;
- бес (алты) жастағы балаларды мектепалды даярлаумен қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау;

4.3. Серіктестіктің қызмет нысанасы:

• бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, бағу, күтуді қамтамасыз ету;

• ата-аналарды педагогикалық ағарту;

• басқа да, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған қызмет түрлері.

4.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған қызметтің кез-келген түрін атқара алады. Серіктестік тізімі заң актілерімен белгіленген кейбір қызмет түрлерімен лицензия негізінде шұғылдана алады.

5. Іске асырылатын білім берудің оқу бағдарламаларының тізілімі

5.1. Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың негізінде әзірленетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес тәрбиелеу-білім беру қызметін жүзеге асырады.

5.2. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

6. Балаларды қабылдау және шығарудың, төлем алудың тәртібі

6.1. Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс режимі бойынша: күндізгі, тәулік бойы, икемді режимді болуы мүмкін.

6.2. Мектепке дейінгі ұйымға құрылтайшының жолдамасы, баланың даму тарихынан үзінді көшірме, эпидемиологиялық жағдай туралы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің анықтамасы негізінде жұқпалы, тірек-қозғалыс аппараты бұзылуының ауыр түрімен ауыратын және ақыл-ой кемістігі бар балалардан басқа, бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балалар қабылданады.

6.3. Мектепке дейінгі ұйымға қабылдау үшін өтініштерді есепке алу тәртібін, жолдамаларды ресімдеу мен беруді құрылтайшы анықтайды.

6.4. Мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде балаларды тестілеу жүргізілмейді.

6.5. Мектепке дейінгі ұйымда топтар бірдей жастағы немесе әр жастағы қағидат бойынша жинақталады.

6.6. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты және уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

6.7. Мектепке дейінгі ұйымда баланың орны мына жағдайларда сақталады:

- 1) бала ауырып қалғанда;
- 2) бала медициналық, санаторийлік-курорттық және өзге де ұйымдарда емделгенде және сауықтырылғанда;
- 3) ата-анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде;

- 4) бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылғанда.
- 6.8. Баланы мектепке дейінгі ұйымнан шығару құрылтайшының келісімі бойынша директормен мына жағдайларда іске асырылады:
- 1) баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбегенде (10 күннен астам);
 - 2) бала дәлелді себепсіз және басшылықты ескертпей мектепке дейінгі ұйымға бір айдан астам келмегенде;
 - 3) баланың мектепке дейінгі ұйымға келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болса.
- 6.9. Баланы ұстау үшін ата-аналардың төлемақысын алу тәртібін құрылтайшы белгілейді.
- 6.10. Серіктестік балаға жеке керек-жарақтарын алу үшін бір рет төленетін кіру жарнасын алу құқығына ие.
- 6.11. Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау үшін ата-аналардан немесе оларды алмастыратын тұлғалардан алынатын ай сайынғы төлем мөлшері балалардың жасына қарамастан, оларды тамақтандыруға, қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуге, жуу-дезинфекциялау заттарына, коммуналдық қызметке кететін шығындардың 100 (жүз) пайызын құрайды.
- 6.12. Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік тапсырысты орналастыруға қатысуға құқылы және бұл жағдайда қызметтер мен жұмыстардың бағасы құрылтайшымен белгілінеді.

7. Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс істеу тәртібі

7.1. Мектепке дейінгі ұйымдар:

- 1) өз Жарғысымен белгіленген функциялардың орындалуын;
- 2) білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;
- 3) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын;
- 4) білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, бейімділігіне, қабілеттеріне, ынталары мен қажеттілігіне сәйкестігін;
- 5) білім беру процесі кезінде балалардың және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;
- 6) мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шет тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етеді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балаларға тұрақты медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, оны мектепке дейінгі ұйымның немесе тиісті денсаулық сақтау ұйымының штатына кіретін медициналық қызметкер жүзеге асырады.

7.2. Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тамақ өнімдерін тұтыну нормаларын ескере отырып балаларды үйлесімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды тамақтандыру жұмыс режимін ескере отырып ұйымдастырылады.

7.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының, деңгейі мен сапасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкестігін анықтау үшін қалалық білім беру органдары мектепке дейінгі ұйымды мерзімділігі бес жылда бір рет мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді. Жанадан құрылған мектепке дейінгі ұйымды аттестаттау үш жылдан кейін өткізіледі.

8. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың тәртібі

8.1. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбиенің, оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

8.2. Мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тиімді тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету

үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) педагогтарға баламалы авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

8.3. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиелеу-білім беру міндеттерін тиімді шешу үшін педагогикалық кеңес құрады.

8.4. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі субъектілері балалар, ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар, тәрбиешілер және басқа да педагогтар болып табылады.

8.5. Тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйымдағы әр балаға мынандай кепілдіктер беріледі:

- 1) оның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) оның қадір-қасиетін қорғау;
- 3) дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;
- 4) оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;
- 5) бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

9. Білімді ағымдық бақылау жүйесі, қорытындылау аттестациясы, оларды өткізудің түрлері мен тәртібі

9.1. Білім берудің сапасын бақылау, білім беруді басқарудың мемлекеттік органдарымен, Серіктестіктің мамандарымен график бойынша мерзімді аттестациялау түрінде жүзеге асырылады.

9.2. Дамудың базалық деңгейін бағалау мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың психо-физикалық дамуының, білім деңгейінің, дағдыларының ғылыми негізделген нормативтері негізінде жүргізіледі.

9.3. Балалардың келесі топқа ауысуы кезінде тестілеу өткізілмейді.

10. Қосымша ақылы қызметтердің тізбесі және берілу тәртібі

10.1. Мектепке дейінгі ұйым белгіленген тәртіппен білім беру, сауықтыру және өзге де сипаттағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында айқындалған негізгі білім беру, сауықтыру және өзге де қызметтер қысқартылмайды және сапасы төмендетілмейді.

10.2. Қосымша ақылы қызметтерді көрсету барысында мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар (өзге заңды өкілдер) арасындағы қарым-қатынастар шартпен реттеледі.

11. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастарды ресімдеу

11.1. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын Шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

12. Серіктестік қатысушыларының құқықтары және міндеттері

12.1 Серіктестіктің қатысушысы құқылы:

1. осы жарғыда белгіленген тәртіп бойынша, Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның құжаттамаларымен танысуға;
3. Серіктестіктің қызметінен табыс табуға;
4. Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бөлігін алуға;
5. өзінің үлесін иесіздендіру арқылы Серіктестіктегі қатысуын тоқтатуға;
6. оның құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімін сот арқылы шешуге.

12.2. Серіктестіктің қатысушысы міндетті:

1. құрылтай құжаттарының талаптарын орындауға;
2. салымдарды құрылтай құжаттарымен көзделген тәртіп, мөлшер, әдістері бойынша және мерзімдерде салуға;
3. Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
4. Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 17 бабы 2 тармағы 2 тармақшасында көзделген мәліметтер өзгерсе ол туралы атқарушы органға хабарлауға.

12.3. Серіктестіктің қатысушысы заңдармен көзделген басқа да құқықтарды (міндеттерді) иелене (атқара) алады.

13. Серіктестіктің мүлкі

13.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 350000 (үш жүз елу мың) теңгені құрайды.

13.2. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану және интеллектуалды қызмет нәтижелерін пайдалану құқықтары, және тағы да басқа мүлік бола алады. Салымды меншік мүліктік емес құқықтар түрін және басқа заттық емес түрде салуға болмайды.

13.3. Серіктестікті тіркеу басында жарғылық капиталы толығымен құралды.

13.4. Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың жарғылық капиталға салған алғашқы салымдарынан, қосымша салымдардан, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтерден түскен табыстардан, сондай ақ заемдық қаражаттан және белгіленген тәртіп бойынша Серіктестіктің иеленген немесе алған басқа да мүліктен құралады.

13.5. Серіктестіктің мүлігі оның балансында есептелінеді.

13.6. Серіктестік қатысушысының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталының өсуі:

1. қатысушының салған қосымша салымдары арқылы;
2. Серіктестіктің меншік капиталы есебінен, соның ішінде резервтік капитал есебінен;
3. басқа қатысушылар келіскен жағдайда бір немесе бірнеше қатысушылармен қосымша салымдар салу арқылы;
4. Серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылдау арқылы.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту қолданыстағы заңдардың талаптары мен тәртібінде жүзеге асырылады.

13.7. Серіктестіктің жарғылық капиталын мемлекеттік тіркеу кезіндегі заңмен белгіленген минималды мөлшерден кемітуге болмайды.

14. Серіктестіктің органдары

14.1. Серіктестіктің ең жоғарғы органы ретінде Серіктестік қатысушылардың жалпы жиналысы саналады. Бір қатысушыдан тұратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікте қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жататын шешімдерді жалғыз қатысушы жеке-дара қабылдайды және олар жазбаша ресімделеді.

Серіктестіктің жалғыз қатысушысының айрықша құзырына келесілер жатады:

1. Серіктестіктің жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталы мөлшерін, мекен-жайын және фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту.

2. Серіктестіктің атқарушы органын құру, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға тапсыру, сондай тапсырудың шарттарын белгілеу;
3. Серіктестіктің бақылау кеңесін және (немесе) ревизиялық комиссияны (ревизорды) сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизордың) есептері мен қорытындыларын бекіту;
4. Жылдық қаржылық есеп беруді бекіту, таза түсімді бөлу;
5. Ішкі ережелерді, оларды және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды қабылдау процедураларын бекіту;
6. Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерде, сондай-ақ коммерциялық емес мекемелерде қатысуы туралы мәселені шешу;
7. Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы мәселені шешу;
8. Таратушы комиссияны тағайындау және тарату балансын бекіту;
9. Серіктестіктің қатысушысының үлесін еріксіз түрде сатып алу туралы мәселені шешу;
10. Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беруді бірауыздан қабылдап шешу;
11. Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» Заңының 39 бабына сәйкес, Серіктестіктің мүлкінің қатарына қосымша салым салу туралы мәселені шешу;
12. Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту;
13. филиалдар мен өкілдіктерді құру және есептен шығару туралы шешімдер қабылдау;
14. атқарушы органмен жасалатын сомасы Қатысушымен белгіленген шектен асатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәмілелерді алдын-ала келісілу;
- 14.2. Серіктестіктің ең жоғарғы органы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез-келген мәселені талқылауға құқылы.
- 14.3. Атқарушы орган ретінде қатысушыға бағынатын және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын Директор болады. Директор құрылтайшымен тағайындалғанда еңбек қарым-қатынастары еңбек заңнамаларына сәйкес реттеледі.
- 14.4. Серіктестік Директорының өкілеттіктері:
 - Серіктестік атынан сенімхатсыз іс-әрекеттер атқарады;
 - Серіктестікті өкілдеуге құқығы бар сенімхаттарды береді, соның ішінде қайтадан сенімдеу құқығы бар сенімхаттарды;
 - Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты, оларды қызмет орындарына тағайындау, оларды басқа қызмет орындарына ауыстыру немесе жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбек ақы жүйесін реттейді, жалақы, арнайы берілетін үстемақы мөлшерлерін белгілейді, сыйлық беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза белгілейді;
 - күнделікті және перспективалық жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету;
 - қатысушының шешімінің орындалуын ұйымдастырады және оған орындалуы туралы есеп береді;
 - серіктестік атынан сенімхатсыз келісімдер, шарттар жасайды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
 - барлық банк операцияларын жүзеге асырады;
 - ең жоғарғы органның айрықша құзырына жатпайтын басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- 14.5. Серіктестік Қазақстан Республикасында қолданылатын ережелер бойынша өзінің қызметінің нәтижелерін бухгалтерлік есептеуді, санақ және қаржылық есеп беруді Қазақстан Республикасында қолданылатын ережелер бойынша жүргізеді. Есептеудің және есеп берудің сенімділігі сақталмаса және есептеу мен есеп беруді тәртіпті түрде жүргізбесе, Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, жауапкершілікке тартылады.
- 14.6. Тексерулер өткізу үшін сырттан аудитор шақырылуы мүмкін.

15. Серіктестіктің таза табысын бөлу

15.1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар арасында серіктестіктің бір тоқсанда-жарты жылдағы немесе бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу серіктестіктің бір тоқсандағы, жарты жылдағы немесе бір жылдағы қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған серіктестікке қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

жүргізілуі мүмкін. Жалпы жиналыс таза табысты немесе оның бір бөлігін серіктестің қатысушылар арасында бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға да құқылы.

15.2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалпы жиналысы табысты қатысушылар арасында бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда әрбір қатысушы бөлінетін кірістің серіктестік жарғылық капиталындағы өз үлесіне сәйкес келетін бөлігін алуға құқылы. Төлемді серіктестік жалпы жиналыс таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ақшаның нысанында жүргізуге тиіс.

15.3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің барлық жарғылық капиталы толық төленгенге дейін қатысушылар арасында табысты бөлуге құқығы жоқ.

15.4. Серіктестіктің ықтимал шығындары оны серіктестікте құрған жағдайда резервтік қор есебінен өтеледі. Резервтік қордың қаражаты жеткіліксіз болған кезде немесе резервтік қор болмаған жағдайда шығындарды жабу көздері туралы шешімді жалпы жиналыс қабылдайды.

16. Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімі

16.1. Серіктестіктің қызметі жөнінде ақпарат серіктестіктің қатысушыларынан немесе үлестерді сатып алушылардан серіктестіктің атқарушы органы, мазмұны, талабы көрсетілген жазбаша сауал түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде беріледі.

16.2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органы сотта корпоративтік дау бойынша қозғалғаны туралы серіктестіктің барлық қатысушыларын хабардар етуге міндетті. Серіктестіктің қатысушыларына сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімінде көзделген тәртіппен, серіктестік соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

16.3. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат «Приуралье» газетінде жарияланатын болады.

17. Серіктестіктің еңбек ұжымы

17.1. Директор қызметкерлерді жеке еңбек шарттары бойынша жалдауға құқылы.

17.2. Серіктестік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды кепілдейді.

17.3. Әрбір қызметкердің еңбек табыстары максималды мөлшерлермен шектелмейді және бекітілген ережелерге сәйкес түрде оған салық салынады.

17.4. Мемлекеттік тарифтерді біліктілігі бірдей жұмыскерлер мен мамандардың еңбек ақысының минималды төлемақы ретінде кепіл ете қарастыра отырып, Серіктестіктің өзі еңбекақыны төлеу үлгілерін және жүйесін белгілейді, жеке еңбек шарттарында тарифтік ставкалардың және жалақының мөлшерлерін көздейді.

17.5. Серіктестік барлық қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етеді және денсаулықтары мен еңбек қабілеттігі үшін келтірген залал үшін заңдармен белгіленген тәртіп бойынша жауапты болады.

18. Серіктестіктің қызметін тоқтату

18.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату қатысушының шешімімен немесе соттың шешімі бойынша тарату немесе қайта құру жолымен өткізіледі.

18.2. Серіктестік өзінің қызметін келесі жағдайларда тоқтатады:

- егер жарғылық капиталдың кемуі нәтижесінде оның мөлшері минималды мөлшерден азайса;
- банкрот болып табылса;
- Серіктестікті құру кезінде өңделе алынбайтын заң бұзушылықтары орын алып, оның тіркелуі дұрыс емес деп табылса;
- тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз), немесе заң актілерімен тыйым салынған, немесе заңдарды бірнеше рет немесе өрескел түрде бұзумен қызмет атқарылса;
- қайта құрылса;
- заң актілерімен көзделген басқа да негіздер бойынша.

18.3. Серіктестікті қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) заңдармен көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

18.4. Серіктестікті тарату қатысушымен немесе сотпен тағайындалатын Таратушы комиссия өткізеді. Таратушы комиссия тағайындалғаннан бастап оған Серіктестіктің істерін басқарудағы өкілеттіктер өтеді.

18.5. Тарату қолданылатын заңдармен көзделген тәртіп бойынша өткізіледі.

18.6. Серіктестік өзінің қызметін тоқтатты, тарату аяқталды деп бұл туралы мәліметтерді Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізгеннен бастап саналады

Осы жарғы заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған.

Қатысушы



Кулахметова Орик Ахметовна